

**А. Ж. Ғабдулов, ҚР Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекші: Н. Ж. Қожамжаров, ҚР Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының Э және АТД кафедрасының аға оқытушысы**

## **ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

Бейбіт уақытта барлық баспаналар шаруашылық мақсатқа пайдаланылады. Қала мен селолық жерлердің халқы радиацияға қарсы баспаналарда, туннелерде, кен орындарында, жер асты өткелерінде, жер асты гараждарында және басқа да паналау ғимараттарында жасырынады, сол үшін жоспарлы жиналу және есеп, сондай-ақ халықты жасырыну ғимараттарына болу жүргізіледі.

Халықты қорғау әдістерінің ең негізгісі уақытша көшіру (эвакуация) шаралары болып табылады, оған: адамдардың өмірін сақтау мақсатында төтенше жағдайлар аймағынан және қазіргі заманғы қырып-жою құралдары қолданылуы мүмкін аудандардан халықты көшіру; соғыс уақытында санатталған қалаларда жұмыс істеп жатқан, ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлерінің қауіпсіз аймаққа жайғастырыу және орналастыру жатады.

Көшіру шаралары Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органдарының және аумақтық басқару органдарының жалпы басшылығымен алдын ала жоспарланады. Бейбіт уақытта қауіпсіздік қатері мен табиғи апаттық төтенше жағдайлар болуы ықтимал аймақтар үшін көшіру шараларын жүргізу тәртібі анықталынады. Сонымен қатар соғыс уақытына шекаралас аудандар мен санатталған қалалардан халықты көшіру тәртібі белгіленеді<sup>1</sup>.

Халық аймақтық және көлемді төтенше жағдайлар аймағынан қауіпсіз орынга; теміржол, автомобиль, авиациалық және су көліктегі арқылы, төтенше жағдайлар аймағынан көліктің әр түрін тарта отырып және жаяу жүру тәртібімен қауіпсіз аймаққа шығарылады; соғыс уақытында қарулы құштерін тасымалдауға жатпайтын авиациалық, теміржол, автомобиль және көліктердің басқа да түрлерімен тасымалданады, көлік құралдары жетіспеген жағдайда көшіру бекеттерінің аралығына дейін жаяу жүру тәртібімен ұйымдастырылған турде көшіріледі..

Уақытша көшіру шаралары:

- ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін — өндірістік принцип бойынша;
- халықты көшіру — аумақтың принципі бойынша жүзеге асырылады.

Көшіруді ұйымдастыру және мүмкіндігінше жеке меншік көлік иелерінің көлігін тарту жеке меншік пәтерлер кооперативтеріне жүктеледі.

Көшіру шаралары ұйымдастыру және оны жүргізу тисті басқару органдарының және ұйымдардың бірінші басшыларына жүктеледі<sup>2</sup>.

Халықты радиоактивті және химиялық, зақымданудан корғауға: санатталған қалалардың халқын радиоактивті және химиялық, зақымдану туралы дер кезінде хабарлауды ұйымдастырумен; адамдарды жекеленген таныс корғау құралдарымен қамтамасыз етумен; баспаналарда, радиацияға қарсы баспаналарда және басқа да қорғаныс ғимараттарында жасырынумен зақымдану аймағынан тасып шыгарумен; радиациялық және химиялық, қорғану режимін орындаумен; радиацияға қарсы профилактика, объектілерге, техникаларға, жабдықтар мен жергілікті жерге дезактивация, дегазация жүргізумен; өзін-өзі қорғау әдістеріне үйретуді жүргізеді.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының 08. 02. 2003 ж. «Төтенше жағдай туралы» заны.

<sup>2</sup> Өмір қауіпсіздігі негіздері (оку-әдістемелік құрал) С. Тайжанов. — Алматы: «Дәнекер», — 78-б.